

Г.Ж.Турметова¹, Т.Р.Нурпашова¹,
Б.Ю.Юсупов¹, Г.А.Бабаева¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан қ., Қазақстан

ТҮРКІСТАН ӨҢІРІ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАУЫН ШЫБЫНЫМЕН КҮРЕСУДЕ ИНСЕКТИЦИДТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйіндеме. Мақалада зерттеу жұмыстары Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданына қарасты Сауран, Икан және Бірлік елдімекендерінің жеке шаруа қожалықтарында қауынның Ананас, Торпеда, Мирзачульский сұрыптарының қауын шыбынымен закымдалуына қарсы инсектицидтердің есепі анықталды. Атап айтсак, Гаучо, Нурелл, Эңжю препараттары инсектицидтер ретінде қолданылды. З реттік өндеуден кейін Сауран елдімекенінде закымдалған қауынның пайыздық көрсеткіші Торпеда сұрыптында 4,3 %, Мирзачульский сұрыптында 3,2 %, ал Ананас сұрыптында 4,2 % қура-са, Икан елдімекенінде 2,4 %, 3,6 % және 2,8 %- ды құрады. Бірлік елдімекенінде 1,8 % Торпеда сұрыпты, 2,3 % Мирзачульский сұрыпты, ал 3,3 % Ананас сұрыптының қауындары закымдалып, жалпы өнімділіктің төмендеуіне алып келді. Қауынның Торпеда, Мирзачульский және Ананас сортымен жүргізілген тәжірибеде ең жоғарғы көрсеткіш Нурелл препаратында бай-қалды.

Түйінді сөздер: қауын сұрыптары, бақша дақылы, қауын шыбыны, инсектицид, астықтық өнімділігі.

• • •

Аннотация. В статье изложены результаты исследования дыни сортов Ананас, Торпеда, Мирзачульский в местностях Сауран, Икан и Бирлик Туркестанского района, Южно-Казахстанской области. В качестве инсектицидов против дынной мухи применялись препараты Гаучо, Нурелл, Эңжю. После трехкратной обработки посевных площадей местности Сауран процентный показатель повреждаемости у сорта Торпеда составлял 4,3 %, у сорта Мирзачульский – 3,2 %, у сорта Ананас – 4,2 %. В местности Икан этот же показатель равнялся 2,4, 3,6 и 2,8 %; в местности Бирлик – 1,8, 2,3, 3,3 % что привело к снижению продуктивности урожая. Выявлено, что самым эффективным среди этих препаратов является препарат Нурелл.

Ключевые слова: сорта дыни, бахчевая культура, дынная муха, инсектициды, продуктивность урожая.

• • •

Abstract: There are represented the results of a research of Pineapple, Torpedo, Mirzachoulian melon sorts in areas Sauran, Ichan and Birlik of the Turkestan district, the Southern Kazakhstan. The Gaucho, Nurell, Enzhio preparations have been applied as a melon musca control insecticides. After triple cultivation processing of the area Sauran, a percentage indicator of damage ability at a Torpedo sort worked out 4,3 %, at a Mirzachoulian sort – 3,2 %, at a Pineapple sort – 4,2 %; in the area Icahn the same indicator equaled 2,4 %, 3,6 and 2,8 %; in the area Birlik of-1,8 %, 2,3 %, 3,3 % respectively. It was revealed that the most effective among them is Nurell preparation

Key words: Sorts of melon, melons and gourds, melon musca, insecticide, productivity, productivity of the crops.

Кіріспе. Қауын – бір жылдық жайылып өсетін шәптесін өсімдік, өте дәмді бақша дақылдарының бірі. Оның құрамында адам ағзасына оңай сінетін А, С дәрумендері бар. Қауын жемісінің 100 граммында 30 мг-дай С дәрумені кездессе, құрамындағы фолий қышқылы қанды молайтуға тікелей қатысады.

Қауындағы С дәруменінің мөлшері алмаға пара-пар, ондағы темір мөлшері тауық етіндегіден 2 есе, балықтан 3 есе, ал сүттен 17 есеге көп.

Қауынның дәмділігі жағынан жемістерден кем түспейді, онда жеңіл сінімді қанттар мен дәрумендерге бай болғандықтан, жүрек пен бауырдың жұмыстарын жақсартады, ағзаның жалпы тонусын көтереді. Қауынның жемістерінде ерімейтін ақуызды еритін пентонға айналдыратын ферменттер де болады. Қауынды халықтық медицинада түрлі ауруларға ем ретінде қолданады [1].

Піскен жемістері адам ағзасында зат алмасу үрдістері үшін физиологиялық маңызды қосылыстар мен минералды заттардың қайнар көзі. Профессор К.Петровскийдің мәліметі бойынша қауын жемісінің құрамындағы фолиј қышқылының ісікке қарсы склеротикалық әсері бар, ал темір тұздары қандағы totығу және өсу процестерінде журуінде маңызды рөл атқарады. Талшықтары асқорытуға жағымды әсер етіп, ағзадан холестеринді шығаруға жәрдемдеседі.

Жергілікті жердің топырақ – климаттық жағдайына байланысты қауынның құрамында 7 – 14,7 % қант, 2,5-6,7 % жасұнық, 1-3,5 % пектинді және т.б. заттар кездеседі.

Қауынды 40-тан астам мемлекеттерде, соның ішінде негізінен Оңтүстік Азия, Европаның оңтүстік елдерінде, Солтүстік Американың оңтүстік – батыс штаттарында және Үндістанда, Қытайда, Жапонияда, Ауғанстан, Түркияда, бұрынғы ТМД елдерінде көнінен өсіреді. Ал Латын Америка, Австралия және Еуропада жылышайларда өсіріледі [2].

Орта Азияда суғару арқылы өсірілетін қауынның өнімділігі 30-40т/га құрайды. Ресейдің Оңтүстік Европалық бөлігінде суғарылмайтын жағдайда әртүрлі озық әдістерді қолданғанда ғана, жақсы сұрыптарының өнімділігін 20-30 т/га арттыруға мүмкіндік береді. Оңтүстік Батыс Азияда, Иранда 3-4 ай бойы қауын негізгі тاماқ өнімі ретінде көнінен қолданылады. Солтүстік Африкада қауын байырғыдан ауылшаруашылығында маңызды рөл атқарады. Африка, Үндістан және Қытайда жабайы және жартылай мәдени түрлерін де пайдаланады [3].

Қазақстанның оңтүстік аудандары қауын шаруашылығының дамуына оңтайлы болуына байланысты, соңғы жылдары бұл дақылға деген дикандардың қызығушылығы артып, мол табыстың көзіне айналып отыр.

Осыған байланысты ОҚО аймақтарының климаттық, топырақ құнарлылығына, құрғақшылыққа, аурулар мен зиянкестерге жүргізілетін агротехникалық шаралары бүгінгі күні қайта қаралуды талап етеді. Соның маңызды құраушысының бірі – қауынның зиянкестері болып табылады. Қауын шаруашылығында маңызды іс-шаралардың бірі ол зиянкестермен ұқыпты құресу. Себебі, улы химиялық препараттарды сауатсыз қолдану өнімді уға айналдырып жіберуі де мүмкін. Одан белек топырақтың құнарлылығына да өз өсерін тигізетіндігі анық. 2012 жылы Түркістан ауданындағы кейбір елдімекендер қауын шыбыны зиянкесінен үлкен зардал шеккен болатын. Кейбір шаруа қожалықтарының өнімдерінің 100%-ы зақымдалып, жарамсыз күйінде қалған. Сол себепті осы зиянкестермен тиімді құресу – бүгінгі күннің талабы болып отыр [4].

Қауын шыбыны зиянкесі көршілес Өзбекстан, Түркіменстан Республикаларында 2005 жылы пайда болып, 2010 жылы тек Қарақалпақстан Республикасы аумағында 20мың га-ға жуық қа-

уындықты залалдап, жарамсыз жағдайға жеткізген. Ал, Қазақстан Республикасы аумағында 2006 жылы алғашқы рет Қызылорда облысында тіркелсе, 2012 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан облысында пайда болып, екі жыл ішінде негізгі қауын еgetін аймақтарына түтел дерлік таралып үлгерді деуге болады. Былтырдан бері біздің өнірдің аудандарының қауын алқабында бұрын-соңды кездеспеген "қауын шыбыны" зиянкесі пайда болып, шаруашылықта қыыншылық туындарып отыр [5].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмыстары қауынның Ананас, Торпеда, Мирзачульский, сұрыптарына жүргізілді. Зерттеулер Түркістан ауданына қарасты Сауран, Иқан және Бірлік елдімекендерінің жеке шаруа қожалықтарында жүргізілді.

Зерттеу жұмысында "Байер" компаниясының Гаучо препараты 1 га/0,3 кг мөлшерде қолданылды. Препараттың құрамындағы әсер етуші зат 700г/кг имидаклоприд. "Сингента" компаниясының Нурелл препаратындағы 0,75 кг/га, әсер етуші заттар: 500,0 г/л хлорпирифос және 50 г/л – циперметрин. Осы аталған компанияның Энжиро препараты 1 га/0,36 мл мөлшерінде, ондағы әсер етуші зат лямбда-цигалотрин 106 г/л және тиаметоксам 141 г/л [6].

Дала тәжірибелері Доспеховтың "Методика полевых опытов" әдістемесі және зиянкестердің таралуын және оларды есепке алу жұмыстары С.С.Литвиновтың "Методика полевого опыта в овощеводстве" әдістемесі негізінде жүргізілді .

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Агротехникалық қуресте зиянкестер пайда болған алқаптарда өнімді жинап алсымен, қалған өнім қалдықтарын кемінде 100 сантиметр тереңдікте топырақ қабатына көму, жерді терең етіп жырту, ауыспалы егіс тәртібін сақтау, егістегі және егіске шекаралас жерлердегі арамшөптерді жою, қауын шыбынының жаппай үшү кезеңінде дақылдың ертерек өсіп, зиянкестің аналығы жұмыртқасын сала қоймайтында үлкен түйіндердің пайда болуына жағдай жасайтын қауынның ерте пісегін сұрыптарын егу және егіске 3-4 жыл бұрынғы қауын тұқымдарын пайдалану керек [7].

Қауын шыбынының дамуына, көбеюі және зиян тигізетін мерзімдеріне тоқталатын болсак, бұл зиянкес көбінесе бір маусымда 2 үрпақ беріп дамиды, ал қун жылы болған жылдары үшінші үрпақ беруі де мүмкін. Қауын шыбыны негізінен дақылдың тұқымын және залапданған өнімді тасымалдау кезінде алыс қашықтықтарға тараса, шыбынның ұшуы арқылы 5-7 шақырымға дейін тараї алады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендегі, қауын шыбынының 1-ші үрпағы 22-25 мамыр аралығында пайда болса, 28- мамыр -3-маусым арасында жұмыртқа салатындығы анықталды. Дернәсілдің қырышақ-қа айналуы мерзімі 10-17 маусым аралығында өтетіндігі, 2-ші үрпақтың даму кезеңдері 23 маусым мен 2 – тамыз аралығында, ал 3-ші үрпақтың даму кезеңі 10-тамыздан бастап 6-қыркүйек аралығында жүретіндігі анықталды [8].

Зерттеу нәтижесінде осы қауын шыбыны зиянкестерінен ең көп зардап шеккен Сауран елдімекені болып табылды. Зерттелген егістікте зиянкестердің таралуына назар аударсак, Торпеда сұрыптың 67 %, Мирзачульский сұрыптың 70 %, Ананас сұрыптың 64 %-ын құрайтындығы анықталды. Өнімдердің қауын шыбынымен зақымдалу деңгейіне келетін болсак, Торпеда сұрыптыңда 36 %, Мирзачульский сұрыптыңда 40 %, Ананас сұрыптыңда 28 % зақымдалғандығы анықталды. Иқан және Бірлік елдімекендерінде қауын шыбынының таралуы барлық сұрыптарда 50 %-дан астам болғандығы байқалды. Сонымен қоса, бұл аймақтағы қауын өнімдерінің зақымдалуы 28 %-дан жоғары екендігі анықталды. Зерттеу нәтижесінде 3 сұрыптың арасында Сауран және Бірлік елдімекендерінде Ананас сұрыптың зиянкестің таралуы және зақымдалу деңгейін төмөндегі кестеден көруге болады (1 кесте)

Тәжірибеге 1 га егістіктен 100 өсімдікten алынып, екі нұсқада жүргізілді. Бақылау нұсқасындағы өсімдіктерге ешқандай өндеу жүргізілмеді, ал тәжірибе нұсқасындағы өсімдіктер инсектицидтермен 3 реттен өндеу жұмыстары жүргізілді. Барлық зерттелген елдімекеніндерде қауынның Торпеда, Мирзачульский және Ананас сұрыптарымен жүргізілген тәжірибеде ең жоғарғы көрсеткішті Нурелл препаратында байқалды (2-кестеде). Яғни, 3 реттік өндеуден кейін, Сауран елдімекенінде зақымдалған қауынның пайыздық көрсеткіші Торпеда сұрыптыңда 4,3 %, Мирза-

Түркістан өніріндегі қауын алқаптарындағы қауын шыбынының таралуы және өнімнің зақымдалуы

Зерттеу аймақтары	Қауын сұрыптары	Егістіктің көлемі, жалпы, га	Зиянкестердің таралуы, %	Өнімнің зақымдалуы, %
Сауран е.м.	Торпеда	18	67	36
	Мирзачульский	16	70	40
	Ананас	8	64	28
Иқан е.м.	Торпеда	10	54	28
	Мирзачульский	14	52	26
	Ананас	12	56	32
Бірлік е.м.,	Торпеда	8	65	28
	Мирзачульский	9	63	32
	Ананас	7	58	16

чульский сұрыптында 3,2 %, ал Ананас сұрыптында 4,2%-ды құрады. Иқан елдімекенінде 2,4 %, 3,6 және 2,8 %-ды құрады. Бірлік елдімекенінде Торпеда сұрыпты – 1,8 %, Мирзачульский – 2,3 %, Ананас сұрыптында – 3,3 % қауындар зақымдалғаны анықталды. Тәжірибелі бақылау нұсқасында бұл көрсеткіш Сауран елдімекенінде 26,4%-дан – 32,1 % ды, Иқан елдімекенінде 21,9% дан - 28,9 % -ды, Бірлік елдімекенінде 19,3 % -дан - 21,4 % -ға дейін қауындар зақымдалғаны анықталды.

Гаучо препаратымен жүргізілген зерттеулерде елдімекендерде тәмен көрсеткішті көрсеткендігі анықталды. Сауран елдімекенінде қауын сұрыптарының орташа зақымдалуы 9,93%, Иқан елдімекенінде орташа 9,23 %, ал Бірлік елді мекенінде 9,03 %-ды құраған болатын. Бақылау нұсқасында қауындардың зақымдалуы 22,36 %-дан – 25,33 %-ды құрады.

Энжио препаратымен жүргізілген зерттеулер Нурелл препаратымен салыстырғанда біршама тәмен көрсеткішті көрсетті. Яғни, тәжірибеде қауын сұрыптарының зақымдалу көрсеткіші орташа есеппен 4,73 %-дан 6,2 %-ды құрады. Ал бақылаудағы қауындардың зақымдалу көрсеткіші 22,03 %-дан – 29,03 % болғандығы анықталды.

Кесте 2

Түркістан ауданында қауынның сұрыптарының қауын шыбынына қарсы инсектицидтердің тиімділігі

Препаратор, кг/га	Қауын өнімінің шыбынмен зақымдалуы, %					
	Торпеда сұрыпты		Мирзачульский сұрыпты		Ананас сұрыпты	
	Бақылау	Тәжірибе	Бақылау	Тәжірибе	Бақылау	Тәжірибе
Сауран елдімекені						
Гаучо, 0,3	22,8	8,8	24,3	11,4	28,9	9,6
Нурелл, 0,75	26,4	4,3	29,0	3,2	32,1	4,2
Энжио, 0,36	28,7	6,7	27,6	5,4	30,8	6,5
Иқан елдімекені						
Гаучо, 0,3	23,7	10,3	27,6	9,7	20,7	7,7
Нурелл, 0,75	28,9	2,4	24,6	3,6	21,9	2,8
Энжио, 0,36	26,7	6,7	28,7	4,8	24,7	5,7
Бірлік елдімекені						
Гаучо, 0,3	21,3	9,4	22,7	8,5	23,1	9,2
Нурелл, 0,75	20,2	1,8	19,3	2,3	21,4	3,3
Энжио, 0,36	22,4	5,2	21,5	4,9	22,2	4,1

Қорытынды

Зерттелген жұмыстарымыздың нәтижелеріне сүйене отырып, қауын шаруашылығының негізгі қауын шыбыны сияқты зиянкестерімен қаресуде Нурелл препаратын 1 га/0,75 кг есебінде колдану, қауын шаруашылығының өнімділігінің жоғары болуына және мол табыс табуының мүмкіндігі болатындығы анықталды.

Әдебиеттер

1 Тараканов Г.И., Мухин В.Д., Шүнин К.А. и др. Овощеводство. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: "КолосС", 2003. – 472 с.

2 Die Entwicklung den Melonen systematic //Die Kulturpflanze. – 1995. – Bd. 1. Grebenschikov A.A. Cucurbitaceae // Shultze-Motel.,

(Herausg.). Rudolf Mansfelde verzeichnis. Canwirtschaftlicher und gartnerischer kulturpflanzen. – 2. – Berlin. – Akadermic-verlag. – 1986. – Aufl. 2. – P. 914-951.

3 *Sarpeleh*. The role of Monosporascus cannonballus in melon collapse in Iran // Australasian Plant Disease Notes. – 2008. – № 3. – С. 162-164.

4 Сулаймонов Б.А., Хасанов Б.А. и др. Вредители и болезни бахчевых и тыквенных овощных культур и меры борьбы с ними. – Ташкент, 2013. – С. 53-59.

5 Хакимов Р.А. Биологические и хозяйственныe особенности узбекских дынь // Сб. науч. тр. по овощеводству и бахчеводству. – М., 2011. – С. 548-551.

6 Сапармамедова Н.К. К изучению дынной мухи Myiopardalina Big в Туркмении // Энтомологическое обозрение. – 2004. LXXXIII. – № 3. – С. 517-519.

7 Торениязов Е.Ш., Юсупов Р.О., Ешмуратов Э.Г. Развитие грызущих и сосущих вредителей на посевах овощебахчевых культур // Проблемы рационального использования и охрана биологических ресурсов Южного Приаралья: Междунар. науч.-практ. конф. Отд. АН Уз. 22- 23 июня 2012 г. – Нукус: "Илим", 2012. – С. 124-125.

8 Толихов Дж., Ахмедов Т., Имамкулова З. Инсектициды в борьбе с дынной мухой (Myiopardalis pardalinaBig) в Таджикистане: матер. Междунар. науч.-практ. конф. // Современное состояние и перспективы инновационного развития овощеводства". – Минск: Нац. акад. наук Беларуси, 2014. – С. 134-137.

Турметова Гүлмира Жұсіпалиевна, техн.ф.к., қауымд. проф. м.а.,
e-mail: gulmir_70@mail.ru

Нурлашова Таңшолпан Ұрысбайқызы, 2-курс, магистранты

Юсупов Баҳадыр Юлдашевич, б.ф.к., аға оқытушы

Бабаева Гүлмира Абдумуталиповна, аға оқытушы